**ЖШС Қызылорда «Болашақ» Университеті мен Шыңжаң университеті арасындағы әріптестік жөніндегі КЕЛІСІМ-ШАРТ**

**« 16 » мамыр 2018 жыл**

Университеттің Жарғысы негізінде әрекет ететін «Болашақ» университеті мемлекеттік емес білім беру мекемесі атынан оның ғылыми жетекшісі, э.г.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Досманбетов Бақберген Сәрсенұлы, бір жағынан, бұдан әрі «Болашақ» университеті деп аталады және Шыңжаң университеті атынан оның ректоры Вайли Барат, бұдан әрі Шыңжаң университеті деп аталады, әріптестік байланыстың келелсі қағидалары бойынша өзара келісім жасады:

## 1. КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ МАҚСАТЫ

Тараптар өз Жарғыларына сәйкес, мүмкіндіктері щеңберінде және екі жақты тиімділік негізінде білім алушылар мен профессор-оқытушылар арасындағы академиялық мобильділік, білім алушылардың іс-тәжірибеден өтуі , өтініш бойынша ерікті тіл мамандарын жіберу,жаздық тілдік курстар ұйымдастыру туралы ынтымақтастықты дамытады .

## 2 . ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Білім алушылар арасындағы академиялық мобильділікті іске асыру мақсатында қабылдаушы жақ төмендегі міндеттерді орындайды:

1.1. студенттерді тәжірибеден өтуге өз жауапкершілігіне алады;

1.2. оқу жоспары бойынша білім алушының таңдаған траекториясына сәйкес білім беру процессін ұйымдастырады;

1.3. студенттерді ең төменгі стандарт бойыншасы жақсы жатын орынмен қамтамасыз етеді;

1.4. білім алушылардың қауіпсіздігіне жауап береді.

2. «Болашақ» университеті 2015-2016 оқу жылында университетке қытай тілінен сабақ беруге келетін ерікті оқытушыға байланысты келесі міндеттерді іске асырады:

2.1. оқытушыны шақырту қағазын рәсімдейді (қол қояды);

2.2. келген оқытушыға 900 АҚШ доллары көлемінде айлық жалақы төлейді;

2.3. оқытушыны қауіпсіз жатын орынмен қамтамасыз етеді;

2.4. өте жайлы және тегін жатын орынмен қамтамасыз етеді;

2.5. оқытушының сұранысы бойынша бір оқу жылында еліне барып-келу жол ақысы (ұшақпен) шығындарын көтеру туралы келесі уағдалыстықтар орындалады:

- қызмет уақытында оқытушы еліне қайту керек болған жағдайда жол ақысын өз жауапкершілігіне алады ;
- қызмет уақытында оқытушы белгілі себептермен еліне шақыртылған жағдайда жол ақысын өз жауапкершілігіне алады;
- қызмет уакытында оқытушының ерекше жағдаймен еліне қайтуына тура келіп жатса жол ақысын екі жақ бөліп төлейді .

3. Жазғы тілдік курсын ұйымдастыру барысында қабылдаушы жақ төмендегі міндеттерді орындайды:

3.1. тіл үйрету курстарын сапалы өткізеді;

3.2. тіл үйренушілерді ең төменгі стандарт бойынша жақсы жатақпен қамтамасыз етеді;

3.3. тіл үйренушілердің жеке бас қауіпсіздігін сақтауға міндеттенеді .

4 . Іс-тәжірибеден өту процесін ұйымдастыру кезінде қабылдаушы жақ келесі міндеттерді өз жауапкершелігіне алады:

4.1. білім алушыларды сапалы тәжірибе базасымен қамтамасыз етеді (Шыңжаң педагогикалық

университетіне келген білім алушыларды университет көлемінде, «Болашақ» университетіне
келгендерді университет шеңберінде практикадан өткізуге мүмкіндік жасалады);
4.2. білім алушыларды оқу орнындағы ішкі тәртіппен, іс-тәжірибеден өту жүйесімен таныстырады;
4.3. практиканттарға қауіпсіз, жатын орын бөледі және жеке бас қауіпсіздігіне жауапты
болады.

### 3. ТУЫНДАҒАН ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

1. Осы Келісім шарт бойынша немесе осыған байланысты Тараптар арасында туындаған барлық
даулар мен келіспеушіліктер өзара келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.
2. Даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жүргізу жолымен реттеу мүмкін болмаған
жағдайда, олар заңнама шеңберінде шешіледі.

### 4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Тараптар осы Келісім шартты іске асыру барысында теңқұқылық, ашықтық қағидаларын
басшылыққа алады.
2. Осы Келісім шартқа енгізілген толықтырулар мен өзгерістер тек жазбаша түрде рәсімделеді
және келісім шарттық ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Осы Келісім шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жылға дейін жарамды болып саналады.

### 7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ:

| | |
|---|---|
| Қызылорда «Болашақ» Университеті ЖШС<br>120000, Қазақстан Республикасы<br>Қызылорда қ., Абай Құнанбаев даңғылы, 31А<br>тел., факс +7(7242) 23-45-15<br>РНН 331 000 047 130<br>ЖСК KZ47 826N 0KZT D200 0504<br>БСН 991 040 001 575<br>Филиал АО «АТФБанк» Қызылорда қаласы<br>БСК ALMNKZKA<br>e-mail: bolashak_5@mail.ru<br>Ректор ____________ Умбетов У.<br>«_16_» ___05___ 2018 жыл | Әкімшілік<br>Шынжаң университеті<br>ҚХР Үрімші қ., Синь и лу 102.<br>Индекс 830054<br>АҚ «ҚХР Коммуникация Банкі ЮХао жолы бөлімшесі»<br>БИК COMMCNSHWLM<br>ИИК: 6511008550120150526l9<br>БИН: 313881000075<br>Тел.факс: 0991-4312920<br>Тел.: 0991-4333951<br>e-mail: xigwx@hotmail.com<br><br>Ректор, профессор.<br>____________ Вэйли Барат<br>«_____» ________ 2018 жыл |